



№44 (10034)
4 маусым,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық азаматтілеі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекеттік рәміздер мен еліміздің тәуелсіздігі – егіз ұғым. Саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендіктің бірегей белгілері – мемлекеттік рәміздер. Сондықтан біз үшін бүгінгі мерекенің орны бөлек, мәртебесі биік. Бұл мереке бізге үлкен міндет жүктейді. Ол міндет – жастарды Отанды сүйуге, қорғауға, ел үшін еңбек етуге тәрбиелеу, мемлекеттік құндылықтарға құрметпен қарауды қалыптастыру.

1992 жылы 2 маусымда Республика Жоғарғы Кеңесі қазақ халқының егемен мемлекет болған жаңа рәміздерін бекітті. 1992 жылы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы», «Мемлекеттік Елтаңбасы туралы», «Мемлекеттік Гимнінің музыкалық редакциясы туралы» тарихи заңдарға қол қойылды. Сол уақыттан бері көк тудың астында Қазақстан халқы татутәтті өмір сүріп жатыр.

Мемлекеттік Рәміздерімізді құрметтеу, халық жүрегінің лүпілін түйген көремет музыкалық туынды Гимнді білу, жан-жүрегімізбен шырқау – балабақшадағы бүлдіршіндерден бастап барлығымыздың басты міндетіміз. Сіздерді бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық тілеймін. Еліміздегі тыныштық пен бейбіт күннің қадірін білейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, көк туымыз асқақтай берсін, ағайын! Мереке баршаңызға құтты болсын!

Құрметпен,
Жалағаш ауданының әкімі
Ардақ ИБРАИМОВ



Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздері күні мерекесімен құттықтаймын!

Қазақ халқының өткеніне көз жүгіртіп, тарихи бастауларға терең үңілсек, таңбаны пайдалану дәстүрі ежелден, сонау көне түркі заманында пайда болғанын білеміз. Бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінге жетіп отыр. Қазақ халқының болмыс-бітімі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қабылданған Мемлекеттік Рәміздерімізден көрініс тапты.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында 1992 жылдың 2 маусымында Республика Жоғарғы Кеңесімен қазақ халқының егеменді мемлекет болған жаңа рәміздері бекіді. 1992 жылы 4 маусым күні «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы», «Мемлекеттік Елтаңбасы туралы», «Мемлекеттік Гимнінің музыкалық редакциясы туралы» заңдарға қол қойылды.

Бүгінде егемен еліміз бірлікті ту етіп, ынтымақтың арқасында биік белестерді бағындыруда. Сол уақыттан бері Мемлекеттік Рәміздерімізге құрметіміз артып келеді. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін елдің шын сезінгенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Ел тәуелсіздігі мен Мемлекеттік рәміздер – ажырамас егіз ұғым. Рәміздер – саяси тәуелсіздік пен егемендіктің бірегей белгілері. Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі. Мемлекетті мемлекеттік саяси рәміздеріңіз елестету мүмкін емес.

Сондықтан бүгінгі мерекенің орны ерекше, мәртебесі де биік. Себебі бұл тек мерекелі күнді атап өтумен ғана шектелмейді, бұл мереке бізге үлкен міндеттер жүктейді. Біз жастарымызды ел үшін еңбек етуге, оларды отансүйгіштікке баулып, елдік құндылықтардың қадірін түсіндіргенде ғана бәсекеге қабілетті мемлекет боламыз.

Сіздерді бүгінгі мерекемен тағы да құттықтаймын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемен елдің болашағы жарқын болсын! Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, береке, бірлік тілеймін! Мереке баршаңызға құтты болсын!

Құрметпен,
аудандық мәслихат төрағасы
Өмірзақ ЕЛЕУСІНОВ



Рәміздер – егемендіктің нышаны

Тәуелсіздік деген қадірлі сөзді естігенде қаны қазақ әрбір азаматтың жүрегі тебіреніп, рухы көтерілетіні анық. Ұланғайыр даланы найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған ата-бабаларымыз, батырларымыздан бастап, кешегі Желтоқсан боздақтары ел жадынан өшпек емес. Егемендік алғалы мемлекетіміз талай асудан асып, биік белестерді бағындырды. Әлемге Қазақстанды танытатын үлкен тарихи оқиғалардың бастамашысы бола білді. Қанатын кеңге жайған мемлекет дәуірлік өзгерістерден тайсалған жоқ. Қанында қайсарлық бар текті халық екенін дәлелдеді. Мәңгілік ел болуға талпынған халқымыздың мәңгілік мұраты да осы еді.

Отыз үш жыл бұрын өзге елдің құрсауында болып, ғасырлар бойы ұлт-азаттық үшін күрескен қазақ халқы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, егемен елге айналды. Халқымыздың сан мыңдаған ұрпағы армандап, дамылсыз күресіп келген азаттықтың ақ таңы атты. Қысқа мерзімде Қазақстан халқы айбары асқан қуатты мемлекетке, әлем таныған алпауыт елдермен иық тіресе алатындай жағдайға жетті. Ортақ шаңырағымыздың шекарасын шегелеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіттік. Әртүрлі ұлт өкілдері бір шаңырақ астына ұйысып, ортақ Ата Заңын қабылдады.

Айта кетейік, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым елімізде Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер – кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтас-

тығын бейнелейтін оның ажырағысыз атрибутының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – ортасында шуғылалы күң, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күң, оның шуғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күң сәулесіндей тарап уықтар шанышылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде бес бұрышты көлемді

жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Qazaqstan» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ мемлекет атауы – алтын түстес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған еліміздің гимні 2006 жылы 6 қаңтарда Парламентте бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда сол уақыттағы Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды. Әннің авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар – Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Тәуелсіздік жылдары ел еңсесін тіктеу жолында да көптеген жұмыс атқарылды. Қазақстан халқы бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай болып, барлық жерде ынтымағы мен бірлігін танытты. Татулық бар жерде тұрақтылық болатынын, ал тұрақты-

лық орнаған жерде береке болатынын дәлелдеді. Бауырлас елдер мен көршілес елдердің арасында түсініс-пеушілік туындап жатса, ынтымақтасуына ұйытқы болып келеді. Қазір дүние жүзі 130-дан астам ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына жұмылдырған мемлекетімізге қызыға қарауының себебі де осы болса керек.

Тарих беттерінен еліміздің талай қиын кезеңнен өткенін байқаймыз. Бар тірлікті жаңадан бастаған мемлекетіміздің алдында көптеген жаңа асуды бағындыру, заң қабылдау, жұмыссыздықты шешу, тұрғындардың хал-ахуалын арттыру, ел экономикасын дамыту сияқты алуан белестерден алқынбай өту міндеті тұрды. Ең бастысы, халқымыз жасмай, келер күнге үлкен үміт артып, талмай-тынбай еңбектеніп отырып, осынау қиын жылдарды асқан тәзімділікпен еңсере білді. Сондықтан алауыздықтан ада, бірлігі жарасқан, келешеп кемел Қазақ елі қашан да бейбіт өмірге лайықты.

Рухы биік, еңбегі ерөң бірлігі мығым Мәңгілік ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын. Еңдесе еркін елде тектіліктің туындай Мемлекеттік рәміздеріміз мәңгі жасай бермек!

Жандос ЖАЗКЕН

Су шаруашылығы: 37 жоба жүзеге асуда

Бүгінде «Шардара» су қоймасына секундына 660,5 текше метр су түсуде. Бұл көрсеткіш өткен жылғыдан 555,3 текше метр артық. Қоймадағы су көлемі – 4915 млн текше метр, бұл көрсеткіш өткен жылдағыға қарағанда 903 млн текше метр көп. Төменге секундына 350 текше метр су жіберіледі, бұл да өткен жылғыдан 100 текше метр артық.

«Көксарай» су реттегішінде жиналған су көлемі – 302,2 млн текше метр. Бұл өткен жылғыдан 138,02 млн текше метр кем. «Шардара» мен «Көксарайдағы» су көлемі – 5 217,2 млн текше метр, бұл да былтырғыдан 764,9 млн текше метр артық. Қызылорда облысына секундына 654 текше метр су жіберіледі, бұл өткен жылғыдан 39 текше метр көп. Сырдария өзені арқылы түскен су шабындық, жайылымдық жерлерге және егістікке жіберіледі.

Айта кетейік, былтыр 8 желтоқсанда Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірге «Қызылорда облысындағы суармалы жүйелер мен гидротехникалық құрылыстарды қалпына келтіру жөніндегі көшенді жоспар» бекітілді. Оған республикалық меншіктегі 26 магистральді және шаруашылықаралық су арнасын, 21 қашыртқыны, 144 тік дренажды ұңғыманы қайта жаңғырту, су арналарын цифрландыру, автоматтандыру және басқа да су шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған 37 жоба енгізілді.

Биыл Жаңақорған ауданындағы «Келінтөбе» магистральді каналына су беретін және Жаманбай батыр ауылдық округінде науалық сугару жүйелерін салуға республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар салалық министрлікке коммуналдық меншіктегі 8 су шаруашылығы нысанын



күрделі жөндеуге бюджеттік өтімін ұсынылған. Вегетациялық кезең басында «Шардара» су қоймасы мен «Көксарай» су реттегішіне жинақталған су көлемі өткен жылғыдан 0,6 млрд текше метр кем болғандықтан, «Су кодексіне» сәйкес болжам ескеріліп, 3,7 млрд текше метр су пайдалану межесі белгіленді. Өткен жылы меже 3,8 млрд текше метр болған.

Белгіленген межеге сәйкес облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы 187,5 мың гектар жерге егін егуді жоспарласа, оның 81,2 мың гектарына күріш дақылын орналастыру межеленді. Қазіргі уақытта «Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалы нақтыланған индикативтік жоспар мен белгіленген лимитке сәйкес су пайдаланушылармен келісім-шарт жасауда.

Филиал әзірлеген күнтізбелік жоспарға сәйкес мамыр айының үшінші онкүндігінде Сырдария өзенінен магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы секундына 460 текше метр су алыну қажет болса, бүгінгі күні каналдар осы көлемді нақты алуда. Облыс аумағында егілетін күріш

дақылының көлемі – 81,2 мың гектар, оның 80,1 мың гектары, яғни 98 пайызы сөбіліп, 73,2 мың гектары, яғни 90 пайызы суға бастырылды.

Айта кетейік, жалағаштықтар былл көктемгі дала жұмыстарын наурыздың алғашқы онкүндігінде-ақ бастап кетті. Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің мәліметіне сүйенсек, былл 36 565 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Жалпы ауданда 200-ге жуық шаруашылық егінімен айналысса, оның 150-ден астамы Сыр салысын сепкен.

Аяқ су тапшылығы жыл сайын шаруаның ширауына айтарлықтай қолбайлау болуда. Мәселе жыл сайын құрделенбесе, шешімін тапқан емес. Осы ретте су тапшылығын ескере отырып, ауданда күріш дақылының көлемі өткен жылдан 1300 гектарға қысқарып отыр. Есесіне суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық берілген. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда бидай 149 гектарға, қант құмайы 20 гектарға, мақсары 10 гектарға, жоңышқа дақылдарының көлемі 625 гектарға артады.

Ақегіс жұмыстары 10 наурызда басталды. Қазіргі таңда 530 гектар мақсары, 4850 гектар жаңа жоңышқа, 770 гектар жаздық бидай орналастырылды. Мұнан бөлек 200 гектарға жуық күздік бидай күтімге алынған.

Биыл су алу маусымы кезеңінде су тапшылығын болдырмау үшін ауданда егістік алқаптарын сумен қамтамасыз етудің іс-шаралар жоспары әзірленген. Су тапшылығының алдын алу мақсатында инженерлік жүйедегі егістік жерлерде дақылдарды кезектестіру кестесін қатаң сақтау, ауыспалы егіс жүйесіндегі және биік жерлерге күріш дақылын орналастыруға тыйым салу, қашыртқылардағы суды қайта пайдалану үшін су айдайтын насос қондырғыларын орнатуды ұйымдастыру, ішкі шаруашылық су жолдарын механикалық тазалау және су құрылыс нысандарын уақытылы жөндеу, егіс алқаптарында су тапшылығы орын алған жағдайда пайдаланатын насос қондырғыларын дайындау қажет. Бұл жағдайда шаруашылықтарға алдын ала ескертілген. Былтыр орын алған олқылықтарға көз жүгіртсек, кейбір шаруашылықтардың бұл талаптарды сақтамағанын аңғару қиын емес. Мәселен, өткен жылы ауданда 1346 гектар күріш артық егілген. Осы ретте ауыспалы егіс тәртібін өрескел бұзған 16 шаруашылық анықталып, заңға сәйкес тиісті шаралар қабылдау үшін облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды.

Биыл егінді күтіп баптауда 32 су тартқыш насос қондырғысын пайдалану жоспарланып отыр. Оның ішінде 13 насос «Қазсушар» өндірістік учаскесі тарапынан шаруашылықтарға берілсе, 19 насос шаруашылықтардың өз қаржысына алынған. Насос қондырғыларын қалпына келтіру жұмыстары әлі де жалғасын табуда.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

480 бала демалыспен қамтылады



Оқушылар үшін ең қызықты мезгіл – жаз. Үш ай демалыста балалар асыр салып ойнап, бір демалып қалады. Мәселен, аудандағы «Ақтерек» жазғы тынықтыру лагерінің бір ауысымында 80 оқушы демалады. Биыл 6 ауысым бойынша 480 бала қамтылады. Бүгін біз де лагерьге келіп, балалардың жағдайын біліп қайттық.

Бала кезімізден лагерь десе қызығатынбыз. 3 жыл қатарынан «Ақтерекке» барғаным есіме түсіп, қызықты балалық шағымызды еске алдық. Лагерь – тек балалардың тынығып, сауық құратын мекені ғана емес, өскелең ұрпақ үшін маңызы зор тәрбие ошағы. Тоғыз ай бойы мектеп бағдарламасын оқыған оқушының лагерьде танымы кеңейіп, ойы бір адым болса да өрістейді. Жаңа достар табады, жаңа ортамен тіл табысып, қарым-қатынас жасауды үйренеді, бойында көпшіл мінез қалыптасады. Сондықтан ата-аналар балаларын жазғы демалысында лагерьге жібергені жөн.

«Ақтерек» тынығу лагеріне бала қабылдағанда әуелі ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, атаулы әлеуметтік көмек алуға құқылы отбасы, көпбалалы, толық емес және аз қамтылған отбасының балаларына басымдық беріледі.

Лагерьде оқушылар 5 мезгіл тамақтанады, ойын ойнайды. Жұмыс жоспарына сәйкес оқушылармен аудандағы мәдени орындарға саяхат жасап, танымдық және рухани білімдерін толықтырады. Биылғы жазғы демалысқа балалардың жатын бөлмелеріндегі төсек-орындары жаңартылып, асхана, медициналық кабинет жабдықтары толықтырылды.

– «Ақтерек» лагері 1999 жылы асар әдісімен салынған. Содан бері 80 орындық лагерь жылда 6 ауысыммен жұмыс істеп келе жатыр. Қазір лагерьде 4 жатын ғимарат, 1 асхана, 1 медициналық бөлімше, 1 спорт алаңы және 1 бассейн бар. Мұнда оқушылардың жазғы демалысын қызықты өткізу үшін барлық мүмкіндік қарастырылған. Жалпы тынығу лагерлерінің өз тәртібі, ережесі бар. Тынығушылар мұндағы әр күнін сол тәртіпке сәйкес өткізеді. Танымдық-логикалық, спорттық жарыстар өтіп тұрады, – дейді «Ақтерек» сауықтыру лагерінің директоры Нұржан Бақбергенов.

Сонымен қатар лагерьде бой сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар ұйымдастырылады. Одан бөлек сурет, қолөнер, робототехника, полиглот және өрт қауіпсіздігі үйірмелері жұмыс істейді. Н.Бақбергенов тынығушыларды белгіленген күні бойынша Дәуімбай елді мекеніндегі орталық бассейнге және балалардың тарихи танымын кеңейту мақсатында Қорқыт ата мемориалдық кешеніне апаруды жоспарлап отқанын айтады.

Айта кетейік, бір ауысым 10 күнге созылады. Балалар жалықпас үшін әр күні өртүрлі тақырыптар аясында шаралар дайындалады. Мәселен, бүгін басты шара «Қайта өңдеу шеберханасы», қоқыс қалдықтарын өңдеу бойынша эко-челленджі ұйымдастырылуда. Осы шаралар арқылы 5 топтың балалары жарысқа түсіп, балл жинайды. Ауысым соңында ең көп балл жинаған топ оқушылар үздіктері марапатталады.

– Мен жаз мезгілін қатты жақсы көремін, әсіресе лагерьге жіберетін уақытты. Лагерьде өте қызық, жаңа достар табамыз, түрлі ойындар ойнаймыз. Жетекшілеріміз де бізбен бала секілді ойнап, бар жағдайымызды жасайды. Үш ай демалысты тиімді өткізу үшін лагердің орны ерекше. Қазір келгеніме үш күн болды. Мүмкіндік болса келесі ауысымдарында да келгім келеді, – дейді лагерьдің кішкентай демалушысы.

Сонымен қатар лагерьде жазғы маусым кезеңінде 6 ауысым бойынша, яғни 1 маусым және 15 тамыз аралығында мектеп педагогтары мен техникалық қызметкерлері жұмыс жасайды. Олар түрлі концерттік бағдарламалар мен спорттық ойындар ұйымдастырып, балалардың тыныштығын бақылап отырады.

Лагерьге келген балалар өртүрлі шараларға қатысып, ой-өрісін дамытып, талай танымдық дүниелермен танысады. Балалардың жаз мезгілінде денсаулығының нығайып, қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, шығармашылығын дамытып өсіру – бүгінгі күннің басты міндеті.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Мәселе



Қауіпсіздік қаперде болсын

Жаз келіп, күн ысыды, әдетте бұл уақытта ересектер де, балалар да суға түсіп, табиғатта серуендегісі келеді. Мұндайда қауіпсіздікті сақтамасаң, арты қайғылы жағдайға ұласуы мүмкін. Бірақ сақтансаң, сақтайтынын көбіне қаперге ала бермейміз.

2 бала суға кетті

Жаздың бірінші күні 112 құтқару қызметіне сағат 18:27 минутта Қызылорда қаласы маңындағы «Ягодка» саяжайындағы Сырдария өзенінде шомылып жүрген 2008 және 2009 жылғы екі бала суға кеткені жөнінде хабар түскен. Оқиға орнына Жедел құтқару жасағы жұмылдырылып, құтқарушылар су асты іздегіш жұмыстарына кіріскен. Олар жағадан 30 метр қашықтан сағат 19:30 шамасында 3 метр тереңдіктен 2009 жылғы жасөспірімнің денесі тапты. Араға 5 минут салып, 35 метр қашықтағы 3 метр су астынан 2008 жылғы тағы бір баланың мәйіті сыртқа шығарылды.

Айта кетейік, қаза тапқан екі жасөспірім де Қызылорда қаласындағы Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы.

Жалпы жыл басынан бері 8 оқиға тіркелген.

Статистикаға сүйенсек, суға бататын көбінесе мектеп жасындағы оқушылар мен спирттік ішімдік ішкен

азаматтар. Мамандар қарапайым ереже талаптарын сақтамау немесе білмеудің салдарынан осындай жағдайлар орын алатынын айтады.

Жаздың басталғаны кеше, жалағаштықтар да қауіпсіздікке басымдық беруі керек. Оның үстіне аудан төңірегінде суға түсуге белгіленген арнайы орындар жоқ. Тіпті суда құтқару стансасының жоқтығы да өзінің кері әсерін тигізуде.

Ауданда 5 жылда 9 адам суға кеткен

Соңғы 5 жылдағы мәліметтерге сүйенсек, 2020 жылы ауданда 2 бала суға кеткен. Ал 2021 жылы 2 ересек адам су айдындарында қаза болған. 2022 жылы да 2 ересек адам суға кеткен, былтыр дел осындай 3 жағдай тіркелсе, оның 2-еуі бала. Быыл мұндай жағдайлар орын алған жоқ, десе де арқаны кенге жаюуға әлі ерте. Себебі жаздың басталғаны кеше, сондықтан төтеншеліктер мейлінше барлық жағдайға дайын болуы керек. Бұл ретте ата-аналар да жауапкершіліктен жалтармауы тиіс.

Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұловтың айтуынша, ауданда тұрғындар көбіне бұл уақытта Жалағаш кентінің үстінен өтетін Сырдария өзені көлірі маңын төңіректейді екен. Сондықтан өзеннің осы маңы тұрақты бақылауда.

– Жазғы суға шомылу маусымы кезеңінде су айдындарында төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында атқарылатын жұмыстарының іс-шара жоспары бекітілді. Биыл II тоқсанда төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезекті отырысы өтті. Онда қаралған 4 мәселенің біреуі жазғы суға шомылу маусымы кезінде қауіпсіздікті сақтау туралы. Осы орайда су айдындарындағы қайғылы жағдайларды болдырмау мақсатында аудандық өртүрлі ұйымдармен бірлесіп, тиісті жұмыстар атқарылуда, – дейді ол.

Айта кетейік, бүгінде төтенше жағдайлар бөлімі, №11 ӘСБ-нің кезекшіліктен бос жеке құрамы, еріктілер мен аудандық полиция қызметкерлері бірігіп, адамдардың дария бойындағы суға көп түсетін

орындарына күнделікті сағат 14:00-21:00 аралығында рейдтер ұйымдастырады. Онда суға түсетіндерге нұсқаулықтар жүргізіледі. Сонымен қатар барлық мектеп оқушыларына, судағы қауіпсіздік шаралары мен өрт қауіпсіздігі жөнінде кеңес беріледі.

– Төтенше жағдайлар бөлімінің ұйымдастыруымен оқушылардың жазғы демалысын қауіпсіз өткізу мақсатында мектеп жанындағы лагерьлерде демалып жатқан оқушылардың қатысуымен аудандық №11 өрт сөндіру бөлімінде ашық есік күні өтті. Онда оқушыларға өрт және судағы қауіпсіздік шаралары жөнінде түсіндірмелер жүргізіліп, ұнпарақтар таратылды. Биыл қайғылы жағдайлар орын алған жоқ. Бірақ оған тоқмейісуге болмайды. Біз мейлінше елдің қауіпсіздігіне уақытпен санаспай жұмыс жасаймыз. Бірақ тұрғындар да сақтанса, сақтайтынын қаперден шығармаса дейміз. Ол үшін қауіпсіздік ережелері қаперде болса жеткілікті, – дейді бөлім бастығы.

Еркін Назарқұлов кент, ауылдық округ әкімдері өз аумақтарында тыйым салынған суға шомылу орындарында ескертпе таяқшалары мен адамдар көп шоғырланатын орындарда көрнекі билбордтар мен стендтер орналастыруды ұйымдастырса дейді. Сондай-ақ кент орталығында орналасқан «LED-экран» және «Халыққа қызмет көрсету орталығының» теледидар арқылы өрт және суға шомылу ережесі тақырыптарында бейнероликтер көрсету керек деп есептейді.

– Жазғы демалыста аудан аумағындағы барлық білім беру ұйымдары оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналарымен бірігіп, тиісті шараларды атқару керек. Аудандық полиция бөлімі су айдындарында патрульдеуді ұйымдастырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын күшейту керек. Сондай-ақ жабдықталмаған жерлерде суға шомылатын адамдарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тиісті талаптарға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту қажет. Қоғамдық негізде жұмысқа тартылған азаматтар есебінен 10 адам Сырдария өзені бойында кезекшілік ұйымдастыруға, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге жәрдем берсе де артық болмайды. Суға түсуге белгіленген арнайы жағажай мен суда құтқару бекеттері ашылу керек. Мұндағы мақсат адамдарға қосымша міндет жүктеу емес, мейлінше, сақтық шараларында бірігіп іс қылсақ, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз, – дейді ол.

Жалпы су айдындарында мейлінше сақтық шараларын сақтау керек. Бұл жерде сала маманы тек өзінің жұмысын ойлап отырған жоқ, тұтас аудан жұртының қауіпсіздігіне алаңдап отыр. Әсіресе ата-аналар бұл уақытта бала қауіпсіздігіне бірінші жауапты екенін сезінсе дейміз.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі қарсаңында «Бала – бақыт, бала – өмірдің көктемі» атты мерекелік концерт өтті. Салтанатты шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, аудан тұрғындары мен бүлдіршіндерді айтулы күнмен құттықтап, балалардың жазғы демалысын қызықты әрі тиімді өткізу мақсатында лагерьлерге жолдама берді.

Балалар бақытқа бөленді



– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауларында ана мен бала жағдайына, балалар болашағына, білімі мен тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Нәтижесінде елімізде жеткіншектердің сапалы білім алуына, жақсы дамып, шығармашылықтың шыңдалуына барлық жағдай жасалуда. Президент бастамасымен «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарламаға сәйкес, Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударыла бастады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік беріп, барлық ата-аналарға көрсетілген көмек деп есептеймін. Аймақ басшысының қолдауымен балаларды қосымша білім беру ұйымдарымен қамту мақсатында былтырғы жылы аудан орталығынан Оқушылар үйі мен Өнер мектебінің жаңа ғимараты пайдалануға берілгенін білесіздер. Мереке құтты болсын, – деді ол.

Биылдан бастап өңірдің барлық елді мекеніндегі мәдениет үйлерінен жастарды отанышылдық және мемлекетшілдікке, патриоттыққа тәрбиелейтін түрлі бағыттағы үйірмелері бар «Адал адам» орталықтары құрылды. Сонымен қатар мәдениет, спорт, білім салалары бойынша ауданда балалардың қызығушылығына қарай 360 үйірме жұмыс жасайды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында ауданымызда 300 орындық заманауи үлгідегі мектеп құрылысы басталуда. Аймақтың мәдениеті мен руханиятының дамуына өз септігін тігізетін типтік үлгідегі «Руханият орталығы» ғимаратының құрылысы жүргізілуде. Бұл жұмыстардың барлығы балаларымыздың лайықты білім алуына, өмірлік маңызды дағдыларды үйренуіне жол ашады деп сенеміз.

Орталық алаңда қыл қалам өнеріне бейім бүлдіршіндердің сурет көрмесі, қызықты ертегілер әлемі, жаңаша түрленген ұлттық нақыштағы ақыл-ойды дамытуға арналған ойындар көрмесі және киіз үй ішінде қазақы болмысты дәріптеу мақсатындағы танымдық сағаттар ұйымдастырылды.

Қуанса, бала қуансын!

«Балалар күн» мерекесіне орай «Германиядағы Кеңес әскері тобы ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі аудандық фелиалы ардагерлері «Ақмаржан» бөбекжайына барып, бүлдіршіндерді мерекемен құттықтады.



– Болашақ балалардан басталады, сондықтан еліміздің ең кішкентай азаматтарының жан-жақты дамуы үшін жағдай жасау, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау басым мемлекеттік міндеттердің бірі болып табылады. Балалардың сапалы білім алуы үшін біздің ауданда жаңа үрдістерді ескере отырып, заманауи балабақшалар мен мектептер ашылууда, білім беру нысандарының материалдық-техникалық жабдықталуы нығайтууда, мектептен тыс мекемелер жаңғыртууда, сонымен бірге балалардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында түрлі жобалар іске асырылып келеді. Балалар – біздің басты құндылығымыз және ортақ жауапкершілігіміз, сондықтан осы мереке күні барлық ата-аналар мен әріптестеріме қарым-қатынас пен бірлескен жұмыс үшін алғысымды білдіремін. Біздің балаларымыздың оқудағы, шығармашылықтағы және спорттағы жетістіктері көбейе берсін, ал балалық шақтары өрқашан жақын адамдарының қамқорлығына, жылулығына және махаббатына толы болсын, – деді ардагер Бейбіт Шілдебаев.

Одан әрі мерекелік шара балалардың балабақшамен қоштасу концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты. Бүлдіршіндер өз өнерлерін көрсетіп, мектепке нық қадаммен дайын екенін аңғартты. Айта кетейік, бұл балабақша 2010 жылдан бастап жұмыс жасауда. Қазіргі таңда 90 бала 5 топ бойынша тәрбиеленеді.

«ЖЖ» ақпарат



Кеңестік кезеңдегі аудандық газеттің рөлі

Бұқараның үніне айналған аудандық басылымның әр беті тұнып тұрған тарих. Уақыттың әр кезеңіндегі қоғамдық саяси өзгерістер, ел жер тарихы мен өңір шежіресін газет тігінділерінің сарғайған беттерінен оқып білуге болады. Уақыт талабына сай өз үнімен жауап беріп келе жатқан ресми басылым аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне биыл 90 жыл толды. Оқырманның сүйікті басылымына айналған аудан айнасының өткен тарихын бір таразылап, бүгінгі таңдағы тіршілік тынысына тоқталдық...

Коммунистік партияның Орталық комитеті отызыншы жылдары «Оқру-тер жойылуына байланысты газеттер жүйесін қайт құру туралы», «Селолық, аудандық және төменгі баспасөз туралы» қаулылар қабылдап, баспасөздің төменгі буынын дамытуға айрықша назар аударды. Осындай партияның қамқорлығы нәтижесінде Қаракеткен МТС-тің саяси бөлімінің құрылуына байланысты 1934 жылы 10 қаңтарда «Колхозшы» деген атпен бірінші нөмірі шығып, Қармақшы ауданының да колхоздарына партияның саясатын жүргізді. Кейін аудан құрылғасын аудандық газет болып «Колхозшы» аттымен 1941 жылға дейін шығып келді. Мұнан соң газет «Күрішшілер» деген атаумен 1958 жылдың тамызына дейін жарық көрді, сол жылдан бастап аудандық газетке «Коммунизм үшін» деген жаңа ат берілді. Осы атпен 1962 жылы 6 мамырға дейін шығып, арада бір жыл үзілістен соң Жосалы кентінен «Коммунизм шамшырағы» болып оқырманмен қайта қауышты. 1965 жылы қаңтарда Жалағаш ауданының қайта құрылуына байланысты сол жылдың тамыз айынан бастап «Жаңадария» деген атаумен шыға бастады. Кейін уақыт талабына орай 1993 жылдың 1 сәуірінен бастап «Жалағаш жаршысы» деген атаумен өз оқырмандарымен қайта қауышты.

Газеттің алғашқы нөміріне Сахи Жарылқасынов қол қойып, бес жыл редактор болса, әр жылдары Жарылқасын Дүйсенов, Смайыл Ақжігітов, Сұлтан Қожаниязов, Шілдебай Оңанбаев, Жүсіп Алтыбаев, Әдіс Ахетов, Сұлтан Жүсіпов, Төлеш Ахметов, Мырқы Исаев, Мұрат Нұржанов, Айтбай Қойшыбаев, Әділхан Аманов, Қален Әбдешов, Зордан Салықбаев, Асқар Қиребаев, Мірзамұрат Ілиясов, Тұрсынбай Ташенов, Кенжеғара Сұлейменов, Мәлік Аялов, Серік Бертәев, Қарлығаш Әбдірахманова, Ғазиза Әбілда, Нәғымжан Сауяев, Әзиз Батырбеков басшылық етті. Ал 2020 жылдан бастап аудандық газеттің бас редакторы Кенжетай Қайрақбаев.

«Жалағаш жаршысы» газетінің алғашқы редакторы кім?» деген сауал төңірегінде түрлі пікір бар. Енді соның жауабын беріп, нүктесін қолатын мезгіл жетті. Осында он бес жыл бұрын аудандық газеттің 75 жылдығы қарсаңында жоғарыда айтылып жүрген оқырмандар сауалына байланысты редакция қызметкерлері сол кездегі республикалық мұрағат орындарына, аудандық газет жіберілетін кітап палаталары мен орталық кітапханаларға хат жолдап, сұрау салған болатын. Көп ұзамай жазған хатымызға жауап та келді. Онда аудандық газеттің тарихы 1934 жылы 10 қаңтарда аудан көлемінде тұңғыш шыққан аймақтық Қаракеткен машина-трактор станциясына қамтитын шаруашылықтарға тараған «Колхозшы» үн парағынан басталғаны айтылған. Сондай-ақ 1934-1939 жылдары шыққан «Колхозшы» газетінің редакторы Сахи Жарылқасынов болғаны жазылған. С.Жарылқасынов ағамыздың өз қолымен жазған естелігі де сөзімізді растай түседі. Ол естелікте «1933 жылдың аяқ шөні болатын, Қармақшы аудандық «Екіпінді» газетінде жауапты хатшы болып жүрген мені бірде аудандық партия комитетіне шақырды. Сол тұста МТС-тер жанынан саяси бөлімдер құрыла бастаған. Жоғарғы партия органдарының нұсқауына орай, әлгі саяси бөлімдердің өз тілі көп тиражды баспа газеті болуы тиіс екен. Аудандық партия комитетінің мені шақырғаны Қаракеткен МТС-тен шығатын газетке редактор етіп жіберуді ұйғарыпты. Рас, жаңадан ұйымдасқан машина-трактор станциясы жанынан газет шығару оңайға түскен жоқ» деп жазылған.

«Сыр журналисттерінің» II томында «Шайырлар өмірінің шамшырағы» атты бөлімде Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы» газетінің тарихы баяндалған. «Сәл шегініс жасасак, 1934 жылы Жалағашта Қаракеткен МТС-тің саяси бөлімі жанынан дербес басылым «Колхозшыны» шығару қолға алынып, оған «Екіпінді» газетін шығару ісінде тәжірибесі бар Сахи Жарылқасынов редактор болып тағайындалды» деп жазылған. Міне, осы естеліктермен келген жауап хаттар жоғарыда айтылған сауалға толық жауап бергені анық. Демек, Жалағаш ауданының аумағында тұңғыш газет – сол кездегі Қаракеткен МТС-тің саяси бөлімі шығарған «Колхозшы» атты көп тиражды газеттің алғашқы редакторы С.Жарылқасынов болып қала бермек.

Аудан айнасы «Жалағаш жаршысы» газетінің тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – Кеңес дәуіріндегі аудандық газеттің ұйымдастырушылық қызметі, аудандағы өндіріс орындарының бірі баспахана мен жергілікті радио хабарын тарату – редакцияның жұмысы, Кеңес дәуіріндегі аудандық газеттің рөлі. Екінші кезең – еліміз егемендік алған тәуелсіздік жылдарында өтпелі кезең қиыншылығын бастан өткізген аудандық газет пен баспаханың материалдық қаржылық жағдайы, құрылымдық өзгерістері, «Жалағаш жаршысы» газетінің тәуелсіздік жылдарындағы рөлі. Ал үшінші кезең – аудандық газеттің облыстық «Сыр медиа» ЖШС-ға қосылып, заман талабына орай жаңа технология, жаңаша форматпен жұмысқа көшуі.

«Сыр медиа» серпін берді

2009 жылы ардагер журналист Тұрсынбай Тәшеновтің «Жалағаш жаршысының» жетпіс бес жылдық өмірбаяны ернектелген «Жалағаштың жаршысы» кітабы шықса, 2021 жылы Сыр бойындағы ақпарат құралдарының тарихы жинақталған «Сыр журналистикасының тарихы» жарық көрді. Десе де биылғы мерекелі жылы басылымның байырғы ардагер журналисі әрі бұрынғы редакторы қатарында аудандық газеттің өткен тарихы мен кәзіргі таңдағы тіршілік тынысын тағы бір жинақтап, таразылап алуды жөн көрдім.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек» дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов. Сол айтқандай, тоқсан жылдық тарихы бар «Жалағаш жаршысы» бұқараның үніне, ауданның тарихы мен шежіресіне айналды. Бұған дәлел газеттің сарғайған парақтары.

Газетіміздің тоқсан жылдық тарихында елімізде қаншама қоғамдық саяси-тарихи оқиғалар, өзгерістер мен жаңалықтар болып жатыр. Аудандық газет солардың барлығына әділ бағасын беріп, халықпен бірге болды. Кез келген жұмысты басынан бастау қиын. Жоғарғы партия органдарының нұсқауына сәйкес жаңадан ұйымдасқан машина-трактор станциясының газет шығару ісі оңай болған жоқ. Мақала жазатын тілшілер құрамы жинақталып, баспахана жұмысы ұйымдасқан соң редакция ұжымы өздеріне жүктелген жұмысты атқаруға кірісіп кетті.

Қоғамдық саяси газеттің тағдыры қашанда ел тағдырымен сабақтас болады. Баспасөздің абыройлы борышы – халықтың басынан қандай жағдай, түрлі оқиғалар өтсе де, соны айна-қатесіз көрсету. Әрине, елді билеп-төстеген түрлі режимдер газет жұмысына, оның объективті, шыншыл болуына ықпал етпей қоймады. Сондықтан халық басына ойран салған 30-шы жылдардағы барлық зорлық-зомбылық, төркілеу, ашаршылық, репрессия, ойдан шығарылған түрлі «Ұлтшылдармен»

күрес жаңа құрылған газет «Колхозшы» беттерінен толық көрініс тапты дей алмаймыз. 1934 жылы 10 қаңтарда дүниеге келген «Колхозшы» газеті соғысқа дейінгі кезеңде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, колхоздастыру, стахановшылар қозғалысын өрістетуге, алғашқы бес жылдық жоспарларды табысты орындау, СССР Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сайлауын өткізу тақырыптарын жазып, МТС көлеміндегі механизаторлар мен жұмысшыларға кеңінен насихаттады. «Колхозшы» газетінің атына сай бұл кезде ұжымдастыру жұмысы қарқын алып, колхоздардың бөлсенділігі артқан еді. Газет колхоз өміріне үлкен орын беріп, ұжым шаруашылықтарының қол жеткізген жетістіктері мен алда тұрған міндеттерді тілге тиек етті. Сондай-ақ ел арасындағы сауатсыздықты жою, халықты отырықшылыққа үйрету, шаруашылыққа бел бұруға, мәдениетті көтеруге, әйел төңігін сақтауға шақырып, күн құрғатпай жазып тұрды. «Колхозшы» газеті сол кездегі Қармақшы ауданының 12 колхозына тарап, бес жылдан аса партияның саясатын насихаттап келді.

1941-1945 жылдардағы аудандық газет беттеріндегі соғыс жылдарында елің жерін неміс басқыншыларынан қорғап, Отан үшін от кешкен Сыр елінің, жалағаштық жауынгерлердің майдан даласында көрсеткен ерліктері жазылып, паш етілді. Соғысқа ұш мыңға жуық жалағаштық аттанып, олардың үштен екісі майдан даласынан оралмай ерлікпен қаза тапқан. Ел басына күн туып, Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда газет тілшілері жұртты жеңіске жігерлендіріп, күш-қайрат берді.

Майдан мен тылдағы жаңалықтар, оларға көмек берудің үлгісін көрсеткен шаруалар газеттің әр санында жарияланды. «Барлығы да майдан үшін!» деп тапқан-таянғанын алғы шепке жөнелтіп, жеңіске жетуге аудан еңбеккерлері де лайықты үлесін қосты. Мәселен, «1941-1945 жылдары аудан еңбеккерлері майданға 59 ат, 43 таронтас арба, 11 автомашина жіберді. Қызыл Армия қорына 197 429 центнер астық, 13 873 центнер ет, 736 центнер май, 1070 центнер жүн өткізді. Соғыстың алғашқы екі жылында жерлеріміз Отан қорғау қорына 12 250 сом, танк колоннасына 1 миллион 600 мың сом, ұшаққа 74 мың сом, Қызыл Армия қорына 108 347 сом, 1-2 соғыс азаматына 4 миллиондай сом, Латышевқа 362 мың сом және 10 818 жылы киім, 5 вагон құрш, 3 тоннаға жуық май, 100 тілшерді арақ жіберді» деп жазылған аудандық газеттің 1943 жылғы 22 маусымдағы 35-ші нөмірінің бірінші бетінде жарияланған редакциялық мақалада.

Міне, осы сияқты бастамалар аудандық газет бетінен лайықты орын алып, жерлеріміз насихатталып жатты. Аудан еңбекшілерін қаһармандық істерге үндеп, жеңісті еңбекпен жақындатуға шақырды. Майдан даласында жаумен шайқасып жатқан жауынгерлерге рух беріп, жеңіске жігерлендіріп отырды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінде жұртты игілікті іске жұмылдыруда газет шын мәнінде ұйымдастырушылық қызмет атқарды. Халық шаруашылығын қалпына келтіру, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, елімізде азық-түлік қорын қалыптастыру, тың және тыңайған жерлерді игеру, кеңестік шаруашылық жүйесін жетілдіру ауыл шаруашылығын механикаландыру т.б. көшенді жұмыстар газет беттерінен орын алды.

Алпыс-жетпісінші жылдары аудандық басылымның ел ішіндегі ықпалы күшейіп, жұртпен байланыс нығайды. Материалдарды берудің формалары мен жанрлық құрылымы айқындалып,

тақырыптық ауқымы елдеқайда кеңейді. Бұл кездері аудандық газет идеялық саяси жағынан шындалған, өмірдің саналуан проблемалық мәселелерін білгірлікпен көтере білетін, өзінің тілшілері мен авторлары арқылы бұқарамен тығыз байланысып, оқырмандардың құрметі мен сеніміне бөленген шын мәніндегі жауынгер орғанға айналды. КПСС Орталық Комитетінің 1968 жылғы «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің рөлін арттыру туралы» қаулысы газеттің нағыз бұқараның үніне айналуына үлкен ықпал жасады. Газет өсірісе аудан экономикасының негізгі саласы ауыл шаруашылығын өркендету мәселесіне тұрақты түрде назар аударды. Бұл жылдары егін және мал шаруашылығын дамыту, озат тәжірибелерді насихаттау, еңбек өнімділігін арттыру, шаруашылық экономикасын көтерудің бірден-бір қозғаушы күші Социалистік жарыс және жарыс жеңімпаздарын насихаттауға басым бағыт берілді. Қоғам өміріне белсене араласып, әр салада еңбек етіп, ерлік істерімен өнеге болған еңбек адамдары мен Еңбек Ерлері жайлы газеттің сарғайған беттерінен оқуға болады.

Сол бір кезеңде халық шаруашылығын қалпына келтіру, ел экономикасының көтеру жұмыстары жүріп жатқанда аудандық газет те халық арасында үгіт-түсінік жұмыстарына белсене атсалысты. Әсіресе ауданның ауыл шаруашылығы саласына басым бағыт беріліп, өңірлік деңгейдегі шараларда басыммен назарынан тыс қалмады. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі болып жатқан жаңалықтар жайлы жазылған ТАСС-тың хабарлары газеттің әр санында беріліп тұрды. Газет аудан халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің өзекті мәселелерін де сөз етті.

Кеңестік кезеңде мерзімді басылымдарда әсіресе аудандық газеттің бірінші бетінде міндетті түрде кезек міндетіне орай бас мақала берілді. Мәселен, маусымдық жұмыстарға байланысты «Мал қысқататы маңызды науқан», «Қой қоздап, қорада шу», «Көктемнің әр күні жанға азық», «Жемшөптің берік қорын жасайық», «Қүйек алу – жауапты науқан» т.б. тақырыпта жазылған бас мақалаларда аудан шаруашылықтарының науқанды жұмыстарына шолу жасалып, алда тұрған міндеттер нақтыланды. Сондай-ақ газеттің бас мақалаларында білім, мәдениет өнер, спорт, тәрбие тақырыптары қозғалып, жан-жақты сараланды. Жанр қоғамдық құбылыс болғандықтан аудандық газет беттерінде публицистикалық мақалалар, корреспондентиялар, репортаждар мен очерктер көбірек көрініс тапты.

Сол бір жылдардағы журналист кадрлардың тапшылығына, полиграфиялық базаның әлсіздігіне қарамастан аудандық газет аудан алдындағы экономикалық және мәдени міндеттерді шешуге белсене атсалысты. КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы Март пленумы ауыл шаруашылығында орын алған жағдайларға талдау жасап, оны жоюда нақтылы экономикалық және ұйымдастыру шараларын белгіледі. Осыған орай аудандық газет суармалы жерлерді игеру, мелиарациялау, әр гектардың өнімділігін арттыру бағытында айтарлықтай жұмыстар жүргізді. 1965 жылы аудан мемлекетке небәрі 153 мың 900 центнер ғана күріш тапсырса, ал 1966-1970 жылдарды қамтитын сегізінші бесжылдықтың тұсында егін шығымы арта түсіп, бесжылдық аяғында Отан қоймасына 456 мың 215 центнер астық тапсырылды.

1975 жылы мемлекетке 455 мың 180 центнер, 1982 жылы 830 мың центнерден астам астық тапсырылды. Мал шаруашылығында да елеулі

табыстарға қол жетті. Мысалы, 1976 жылы қой 101135, жылқы 5410, мүйізді ірі 21332, түйе 1395 басқа жетті. Төрт түліктен жоспарлы төл алу үш бесжылдық бойы орындалды. Демек, халық шаруашылығының қайсыбір саласын өркендету жолындағы мәселелерде, озаттар тәжірибесі мен ғылым жетістіктері де, аудан партия ұйымдарындағы партиялық ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстарының барлығы аудандық газет бетінде жоспарлы түрде жарияланып тұрды. Сонымен қатар еңбек майталмандарының есімі осы басылым арқылы елге танылды. Аудандық газет Коммунистік партияның сенімді құралына айналып, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде үлкен рөл атқарды. Аудандық партия комитетінің басылығымен газет аудан еңбеккерлерін ерлік еңбекке бастап, оларды бесжылдық тапсырмаларды асыра орындау жолындағы ерелі іске жұмылдыруда жүйелі жұмыстар жүргізді.

Сексенінші жылдары газеттің үгітшілік, насихатшылық рөлімен бірге ұйымдастырушылық қабілетін жетілдіруге бөтұрыс жасалды. Газет күнін өткізу, редакцияда қоғамдық қабылдау бөлмесін ашу, көкейкесті мәселеге байланысты дөңгелек үстел ұйымдастырып, редакция қызметкерлерінің аудандағы мекеме, шаруашылықтардың ұжымдарымен кездесулер өткізу кеңінен қолға алынды.

Редакция ұжымы жариялық пен демократияландыру процесін кеңейтудегі қайта құрудың озат тәжірибелерін кеңінен насихаттай бастады. Уақыт талабымен үндескен жаңа айдарлар ашып, тақырыптық нөмірлер дайындап шығаруға ден қойды. Мәселен, партия жұмысына арналған «Партия тұрмысы», еңбек адамымен кәсіптегі мал тәжірибесіне арналған «Адам еңбегімен көрікті», «Озат тәжірибе көпке ортақ», бір совхоздың жетістіктерін насихаттайтын «Біздің ауыл осындай», ұлттардың достығы мен бірлігіне арналған «Күзі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір», аудандық газеттің авторлары мен тілшілерінің шығармашылығына арналған «Тілші – газет тірегі», жастарға арналған «Толқын» жастар беті тағы да басқа тақырыптық нөмірлер жарық көрді.

Басылымның «Жебе» сын сықақ бетінде сықақ өлеңдер мен фельетондарға орын берілсе, «Әдебиет бетінде» қолына қалам алған жас талапкерлердің өлеңдері мен шығармалары беріліп, оларға сәттілік тілеп отырды. Сонымен қатар жылдың төрт мезгілінде маусымдық жұмыстар назардан тыс қалмай, көктемгі егіс жұмыстары мен мал төлдету, жазғы мал азығын дайындау, күзгі қүйек алу, егін орағын қысқы мал қыстау науқандарының барысы жайлы газеттің әр нөмірінде жазылып, ақпарат беріліп отырды.

Сын түзелмей, мін түзелмейтіні хақ. Халық шаруашылығының көпелеңді тұстарымен бұрыннан қалыптасқан проблемалық мақалалар жазу жандана түсті. Мәселен, журналист Е.Әбіловтың «Сағырт басшылық, сапасыз өнім», «Сүт өндіру қарқыны неге төмен?», «Тығырықтан шығар жол қайсы?», I.Мұстафаевтың «Іркіліс немесе ақарықтықтар», «Қиян» су құбырының қиянаты қашанға дейін қобалжыта береді?», Ж.Әбдікәлімовтің «Өкіру мен өкіну», С.Бертаевтың «Дәуімбайдағы дау дамай», Б.Алпысбаеваның «Бармақ басты, көз қыспай», «Жастар және проблема», Т.Тәшеновтың «Тұрғын үй сәулеті толғандырады», «Ауылдың қалай азамат?», «Шынымен-ақ, бізге не жетпейді осы?», А.Тілеулиевтің «Ер қанаты – ат», «Табиғатты кім қорғайды?», «Қағаз қалта төсе ме?» атты сын мақалалары мен корреспондентиялары оқырман ойынан шыға білді.

Уақыттың әр кезеңдерінде аудандық басылымда қаламы қарымды көптеген қаламгер қызмет етіп, қолтаңбасын қалдырды. Мәселен, өмірін газетке арнаған А.Сәдібеков, Ә.Садуақасов, С.Махмудов, Т.Сарыбаев, С.Баймаханов, Б.Үйізбаев, Қ.Нұрғалиев, А.Бекарыстанов, Ш.Бектасов, И.Шахаров, А.Тілеулиев, I.Мұстафаев, Ә.Оспанов, Б.Шайланов, Ж.Әбдікәлімов, фото тілші Т.Ахметовтер т.б. өмірден өткенімен артында елмес мұралары қалды. «Жалағаш жаршысында» жұмыс жасап, шындалып өскен Е.Айғалыев, Б.Бүркітбаев, Е.Әбілов, М.Байназарова, Б.Алпысбаева, Е.Әбдіхалықова, Қ.Дастандардың есімін мақтаншыпен атап өту керек.

Жалағаш ауданында тұратын Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ш.Айбосынов, Р.Кәрімов, Т.Ахетов, А.Орынбаева, А.Байғабилыов, Қ.Ахетов, Р.Көшекбайқызы, Б.Нұржанов, К.Қайрақбаев, Жандос Жазкең, Е.Созақбаев, Н.Алмасова, Ақнұр Алтынбек, Ақтоқты Бүркітбай газет бетінде күнделі материалдар жазып, өзекті мәселелерге, үлкен жетістіктерге қалам тербеді.

1980 жылдың 18 қаңтар күні Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетінің 5000-шы нөмірі шығып, ол облыс көлемінде аталып өтті. Осы мерекелік шарада аудандық газет облыстық Кеңес атқару комитетінің грамотасымен марапатталса, ал газеттің жауапты хатшысы М.Ілиясов, баспахана директоры Т.Тәшенов облыстық партия комитетінің, газет редакторы С.Салықбаев, баспаханаының линотип машинисі Қ.Ергалиева облыстық Кеңес атқару Комитетінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Редакциядағы шығармашылық ұжымның барлығы дерлік СССР Журналистер одағының мүшелігіне қабылданған. Сол кезге дейін газет редакторлары Қ.Әбдешов, З.Салықбаев және жауапты хатшы М.Ілиясовтар Қазақстан Журналистер

одағы Пленумының мүшесі болды. Сол сияқты редактор З.Салықбаев, орынбасары С.Баймаханов, сектор меңгерушісі М.Аяповтардың Қазақстан Журналистер одағанын «Құрмет» грамоталарымен марапатталуы да зор мақтанш болды.

«Жаңадария» газеті өзінің 5000-шы нөмірі арқылы аудан еңбекшілеріне коммунистік тәрбие беруде, оларды шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыруда аудан еңбеккерлерінің сенімді серігі, сүйікті басылымына айналды.

Бір айта көтерілмек жағдай, газеттің еңбекші бұқарамен байланысы нығая түсті. 1982 жылы редакцияға 1260 хат түсіп, оның 1200-дейі жарияланған екен. Сол кездері газеттің тұрақты 39 тілшісі, 68 авторы болды. Газеттің штаттан тыс партия тұрмысы, ауыл шаруашылығы, комсомол жастар және мәкеп бөлімдері жұмыс істеді.

Сексенінші жылдардың басында «Құттықтау» деген айдармен соңғы бетке ауданның туған күн мерейтойымен құттықтау, қайтыс болған кісілердің туған-туыстарына көңіл айту, еске алулар мен жарнама, хабарландырулар ақылы негізде беріле бастады. Міне, осы ақылы қызметтен түскен қаржы редакцияның көм-көтігін толтырып, жыртатын жамайтын қосымша табыс көзіне айналды.

Кеңес одағы билік құрған жетпіс жылдан астам кезеңде қазақ топырағында жарық көрген басылымдар мен ақпарат құралдары қатал бақылауда болды. Кеңес дәуіріндегі баспасөз материалдары түгелдей дерлік «цензураның сүзгісінен» өтіп барып жарыққа шығарылатын. Дегенмен кеңестік жүйенің кезінде мерзімді басылымдар мамыражай күй көшті. Қамқорлық көрсетіп отырған соң олар өз өнімдерін қалай өткізу керек екені жайлы ойланбады. Партияның нұсқауымен жер-жердегі мекемелерде коммунисттік қызметкерлер газетке жазылуға мәжбүр болды. Партия газетін өзі тарады. Айлық жалақы, қаламақы ай сайын беріліп тұр. Журналистің жұмысы – мақала жазып, газет шығару.

Аудандық газетте «Партия тұрмысы», «Ауыл шаруашылығы бөлімі», «Еңбекші хаттары бөлімі» жұмыс істеді. Аты айтып тұрғандай, партия тұрмысы бөлімі партия жұмысын ауыл шаруашылығы бөлімі ауданның ауыл шаруашылығы жұмыстарын насихаттады. Ал еңбекші хаттары бөлімі редакция пошталасына келіп түскен хаттарды сұрыптап, редакциялап, дайындап, жарамдыларын газет бетіне жариялап отырды. Хат авторларына жауап жіберіп, мақала жазып, газетке басып шығару жолдарын түсіндірді. Сондай-ақ оқырмандар жазған проблемалық сын материалдар бойынша тиісті мекеме, шаруашылық басылымына хат жолдап, хабарласып, жазылған сындын қорытындысы газет арқылы хабарланып отырды.

Айта кететін жайт, газет беделін көтеруге сын материалдардың көп ұйымдастырылуы ықпал етті. Сондықтан партияның нұсқауымен, редактордың тапсырмасымен журналистер үнемі іс-сапарға шығып, газет бетінде оғнм материалдар мен фельетондар жиі жарияланып тұрды. Бірақ ол сындар аяқсыз қалмайтын. Газетке шыққан әрбір сыни мақала аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде қаралып, талқыланушы еді. Сол мәжілістің қорытындысымен жұмыста өрескел кемшілік жіберген совхоз, мекеме, кәсіпорын басшылары мен тиісті мамандарға партиялық қызметтік қатан шара көрілетін. Қалай десек те сол кездері партияның қолдауымен газет пен журналистердің абырой-беделі асқақтап тұрды.

Кез келген басылымның толыққанды деректерге толы материалдармен мазмұнды шығуы оқырмандар мен жергілікті тілшілердің белсенділігіне байланысты. Ауыл тілшілері газеттің тірегі болып саналды. Өйткені олар үнемі халықтың арасында қайнаған еңбектің, қарбалас оқиғаның ортасында жүреді. Қоғамның әр кезеңінде бұқарбай батыр ауылынан Жоламан Алданазаров, Мәдениеттен Тұрлыбек Деменов, Ақарықтан Оразбек Қожамұратов, Аққұман Науқанбай Шаукбаев, Жаңаапалтан Мақсұт Нұрылдаев, Таңнан Сәдуа Әбдіреев, Мырзабайдан Салаш Әбсәдықов, Жалағаш кентінен Әли Еркебаев, Жақсылық Адамбаев, Раушанбек Смағұлов, Бесбай Қуантаев, т.б. азаматтар ауыл өмірі, еңбек адамдары, ел жер тарихы, ата-бабаларымыздан қалған асыл мұралар мен жастар тәрбиесі жайында мақалалар жазып тұрды. Кәзіргі таңда Шыңғыс Айбосынов, Рысбай Кәрімов, Тұрақ Ахетов, Болатбек Нұржанов, Арыстанбек Байғабилыов, Дина Мейрман, Айкүміс Орынбаева, Роза Көшекбайқызы сынды жергілікті тілшілер аудандық басылыммен тығыз байланыста жұмыс жасап, әр нөміріне үн қосып жүр.

Аудандық газеттің әр жылдардағы таралымын айтар болсақ, 1934 жылы «Колхозшы» көп тиражды газет 700 болса, 1940 жылы 900, 1954 жылы 5070, 1994 жылы «Жалағаш жаршысы» 4600 дамамен таралған. Ал 2007 жылы 1650, 2008 жылы 2650 дама болса, кәзіргі кезде аудандық газет таралымы 3 мыңға жуық дамамен жарық көрде.

Тоқсан жылдық тарихы бар «Жалағаш жаршысы» оқырманмен бірге жасасып, бұқараның үніне айналды. Өз тарихында уақыттың өркендерінде заман талабының ерекшеліктеріне орай өзіне жүктелген үгітшілік, насихатшылық және ұйымдастырушылық қызметін атқарып келеді.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер журналист

Бөрекелді!



Заңғар аймақ абыройын асқақтатты

Қазіргі таңда елімізде спорт саласына үлкен қолдау бар. Нәтиже де жоқ емес, саңлақтарымыз әлемдік додаларда көк байрағымызды биіктен желбіретіп жүр. Ауданда да бұқаралық спортты, ұлттық спорттық ойындарды дамыту бағытында жүйелі жұмыс бар. Аймақ, аудан абыройын асқақтатып жүрген спортшылар жеңісін сол жұмыстардың жемісі десе де болады. Жұырда Жетісу облысында өткен Қазақстан чемпионатында жерлесіміз Заңғар Сырмағамбет белбеу күресінен үздік үштікті түйіндеп, облыс қоржынына қола салды. Біз де жерлесімізді құттықтап, кейіпкеріміз қатысатын үйірменің бүгінгі тынысымен таныстық.

Иә, Жалағашта қарқынды дамыған салалардың бірі де бірегейі – спорт. Әсіресе соңғы жылдары ауданда сала саңлақтары үлкен додаларда топ жаруды дәстүрге айналдырды. Міне, мұның бәрі – салаға көрсетілген қолдаудың нәтижесі. Онан кейін сол қолдауды шын сезініп, еңбек өткен бапкерлердің жемісті

еңбегінің арқасы. Әрине, бұл жолда үлкен ізденісте болған саңлақтардың орны бөлек. Солардың бірі – бүгінгі кейіпкеріміз Заңғар. Өзі 15 жаста болса да, салада бағындырған белесі көп. Кішкентайынан әкесінің қолдауымен дзюдо үйірмесін тандап, әлі де жаттығып шыңдалуда.

Белбеу күресінен ел біріншілігі Жетісу облысында өтіпті. Тартысты додаға еліміздің барлық аймағынан іріктелген мықты палуандар қатысқан. Біздің Жалағаштан облыстық жарыстан жүлделі орындар иеленіп, ел біріншілігіне жолдама алған кейіпкеріміз да бақ сынаған. Додада топты жарып, 42 келі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз Заңғар намысты қолдан бермей, III орын алды. Ол бұған дейін де өз салмағында облыстық республикалық жарыстарға қатысып, жүлдесіз оралмаған. Оның бар мақсаты – әлемдік додаларда көк байрағымызды биіктен желбірету. – Биыл «дзюдо» үйірмесіне қатысып, жатығу жасап жүргеніме 10 жылға жуықтады. Дайындық барысында көзкікен қиыншылықтан шаршап, қажыған

сәтте бапкерім Олжас ағайдың айтқан ақылы мен жігер беретін сөздері ғана әрі қарай спортты жалғастыруға күш берді. Жарыстарда мойынға таққан медальда қаншама еңбек пен төгілген тер бар. Қазіргі таңда республикалық деңгейдегі жарыстардан орын алып жүрмін. Бапкерім әрдайым дамыту үстінде, – дейді Заңғар Сырмағамбет.

Расында спортшының топ жарып, биіктен көрінуі бапкердің біліктілігінің арқасында. Білікті бапкер Олжас Талапбек – бүгінде дзюдо күресінен спорт шебері, жоғары санаттағы жаттықтырушы. Күндіз-түні тыным таппай өткен еңбегінің бүгінде жемісін көруде. Ол дзюдодан Қазақстан чемпиондарын ғана емес, Азия, әлем чемпиондарын шыңдап шығарған. Шәкірттерінің барлығы дерлік әлі де спорттан қол үзбеген. Қазір олар түрлі додаларда топ жарып, үлкен жарыстарда жауырыны жерге тимей, қарсылас шақ келтірмеуде. Шәкірттерінің жеңісіне қарап марқаятын Олжас бүгінгі жеткіншектерінің ағаларының жолын жалғап, жеңіс тұғырынан көрініп жүргенін қуанышпен жеткізді.

Заңғар қазіргі таңда 15 жаста. Әл-Фараби атындағы № 201 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы. Ол болашағын осы спортпен байланыстырады. Өзі чемпион болып қана қоймай, чемпиондарды тәрбиелегісі келетінін де жеткізді.

Айта кетейік, қазіргі таңда дзюдо үйірмесіне жалпы 200 бала қатысады. Оларды 4 ауысыммен 4 бапкер жаттықтырады. Осы орайда қызығушылығымыз оянып, дзюдоның ережесі мен техникаларын білмек болдық. Қызығы, біз сырттан қарап отырағанда құлаған адам жеңіледі деп ойлаймыз ғой, бірақ дзюдоның техникасын үйрену дұрыс құлауды үйренуден басталады екен. Мәселен, алға қарай құлау кезінде қолдың иілген бөлігі алға қарай бұрылады. Арқамен құлау кезінде шынтақ түзеліп, дөңеден 45-60 градусқа алшақтайды. Бүйірмен құлауда бір қолдың шынтағы түзеліп, екінші қол жоғары көтеріледі. Бұл әдістердің бәрі бозкілемде білікті болуға көмектесетін көрінеді. Одан бөлек дұрыс тұру, ұстап алу, лақтыру әдістерінің де өзіндік ережелері бар. Қалам мен қағазға сүйенетін бізге бұл ережелер қызық көрінді, осылай жаттығуларын сырттай бақылап қайттық.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Футбол

Чемпиондар лигасы: «Реал Мадридтің» 15-ші жеңісі

Өткен сенбіде футбол жанкүйерлері Лондонда өткен қаріқұрлық чемпионын анықтайтын финалдық ойынға көз тікті. Иә, жыл бойы Еуропаның кіл мықтылары күш сынасқан лигада аяқталуға жақын еді. Ақтық мәреде алпауыт командаларды артта қалдырған «Боруссия Дортмунд» және «Реал Мадрид» командалары кездесті.

Ә дегеннен қос команда белсенді қимылымен көзге түсті. Бір-бірінің қақпасының маңында жиі бой көрсетіп, гол соғатын мүмкіндікті іздеді. Бірінші кезеңде «Боруссия Дортмунд» ойыншылары жиі шабуылдады. Кейбір сәтте «Реал Мадрид» қорғаушылары гол соғуға мүмкіндік бермесе, ендігі бір сәтте германиялық команда футболшылары нысананы дәл көздей алмады.

Жанкүйерлерге келетін болсақ, көз-десуге қос команда жақтастары жақсы дайындалғаны байқалып тұрды. Мәселен, «Боруссия» жанкүйерлері тәждің үстінде клубтың эмблемасы бейнеленген үлкен баннер алып келген. Тіпті дортмундтық жанкүйерлер ойын алаңына жүгіріп шыққан. Мадридтік жанкүйерлер Винисиуспен суретке түсу үшін бір-бірімен тартысқан, нәтижесінде ойын уақытша үзілген. Енді мұндай спектакль қоятын көз келген жанкүйерге қомақты айыппұл салынады.

Иә, жанкүйерлердің мұндай әрекеті ойыншылардың өздеріне қалай әсер еткенін айту қиын, бірақ алғашқы минуттар біршама бауу қарқынмен өтті. Дегенмен «Боруссия» ойынын бірте-бірте күшейте бастады. Алдымен Брандт гол соғуға тырысса, содан кейін Хуммельс Адеемиге допты жеткізіп береді, бірақ Адееми соққан допты Куртуа қайтарды.

Реал Мадрид Дортмундтың жоспарына дайын еместей көрінді. Мадридтіктердің тым сабырлы және сақ-тықпен ойында бастағаны байқалды. Алайда Тержич өзінің батыл тактикасымен қарсыластарын таң қалдырды, ол бірінші таймда Боруссияға гол әкелуі керек еді. Бірақ королдік клубтың қақпасынан саңылау таба алмады.



Сондай-ақ боруссиялық Фюллкруг бірінші таймның ортасында тамаша гол соғатын сәтке ие болды. Нақтырақ айтсақ, неміс соққысынан кейін доп бағанаға тиіп, сызықтан өтіп кете жаздады. Ал кейін Адейеми тағы бір мүмкіндікті жіберіп алды, бұл жерде Куртуа өз орнынан табылды. Бельгиялық Сабитцердің алыстан тепкен добы да мадридтіктердің қақпасынан қиыс кетті. Шыны керек, «Реал» бірінші таймда бір ғана шабуылмен есте қалды. Бірақ Винисиус «Боруссияның» қақпашысымен соқтығысып, сары қағаз алды.

Екінші тайм тағы да фан-шоумен басталды. Бұл жолы «Боруссия» жанкүйерлері «Уэмблид» пиротехникалық заттармен өртеп, ойын алаңын көк түтінмен жапқан. Бірақ жанкүйерлердің бұл әрекеті «Реалға» кері әсерін тигізіп қоймай, ашуын да келтірген секілді. Өйткені 48 минутта мадридтіктер бірінші рет нысанға дәл соққы жасады. Кроостың айып добынан кейін Кобель бұрыштан допты қағып алады. Көп ұзамай Карвахаль да гол соғуға мүмкіндік алды, бірақ

дортмундтықтар мадридтіктердің бұл шабуылын да қайтарды.

«Реал Мадридтің» мүмкіндіктері көп болды, бірақ мадридтік шабуылдың басты кейіпкерлері көлеңкеде қалып жатты. Егер Беллингемді камерадан кем дегенде 2-3 рет көрсетсе, ал Родригоның алаңда болғанын жанкүйерлер ұмытып кеткендей. «Боруссия» ойыншылары да арапідік шабуылға шығып тұрды, екінші таймның ортасында Фюллкруг биік пасты қабылдап, баспен жақсы соққы жасады, бірақ Куртуа тағы да өз орнынан табылды.

Шыны керек, екінші кезеңде испаниялық клубтың басымдығы байқалды. Ойынның 74 минутында «Реал Мадрид» сапынан Даниэль Карвахаль бұрыштамадан көтерілген допты ұтымды қабылдап, дортмундтық қақпадан саңылау тапты. Голдан кейін 70 минут тірген секілді. Өйткені 48 минутта мадридтіктер бірінші рет нысанға дәл соққы жасады. Кроостың айып добынан кейін Кобель бұрыштан допты қағып алады. Көп ұзамай Карвахаль да гол соғуға мүмкіндік алды, бірақ

Жуниор 83 минутта қорытынды есепті белгіледі. Осылайша испаниялық клуб қарсыласынан 2:0 есебімен басым түсіп, қаріқұрлық чемпионы атанып, кубокты төбесіне көтереді.

Айта кетейік, «Боруссия Дортмунд» командасы 1997 жылы чемпиондар лигасында топ жарған. Ал 2013 жылы финалда «Бавария» командасына 1:2 есебімен жол берген. Осылайша «Боруссия Дортмунд» он бір жылдан кейін қайтадан финалға жолдама алған болатын.

«Реал Мадрид» ұжымы жартылай финалда германиялық «Баварияны» ұтса, «Боруссия Дортмунд» франциялық «ПСЖ» командасынан басым түсіп, ақтық сыңға жолдама алған. Мадридтік клуб осыған дейін чемпиондар лигасының кубогын 14 рет, ал «Боруссия Дортмунд» тек бір рет жеңіп алған. Еске салайық, өткен жылы «Манчестер Сити» чемпиондар лигасының жеңімпазы атанған. Англиялық команда финалда италиялық «Интерден» 1:0 есебімен басым түскен.

Жандос ЖАЗКЕН

Жеңіс

Қайсар – Азия чемпионы

25-28 мамыр аралығында Тайвань мемлекетінің Тайбэй қаласында гір спортынан Азия чемпионаты өтті. Бұл жарыста әлемнің түкпір-түкпірінен келген 14 мемлекеттің спортшылары бақ сынады. Олардың арасында жерлесіміз, «Наркескен» спорт клубының гір спорты үйірмесінің қатысушысы Төлеген Қайсар да бар. Ол жастар арасында 78 келі салмақта өткен серпе көтеруден алтыннан алқа тағып, I орын иеленсе, ұзын айналым жаттығуында екінші орынға тұрақтады.



2016жылыауданда «Наркескен» спортклубындаарнайгір спорты бойынша үйірме ашылуы аудан құрама командасын дайындап, олардың спорттық деңгейін жақсартуға үлкен сеп болған. Үйірме жұмысы бүгінде жемісін беріп, аталған спорт түрі дамып, онымен айналысқысы келетін жастар қатары артып келеді. Қай спорт түрінен жарысқа барса да, қоржыны бос қайтпайтын «наркескендіктер» быыл да жыл басын жақсы жаңалықпен бастаған.

– Аудан әкімдігінің қолдауымен, демеушілердің көмегімен гір спорты үйірмесін талапқа сай қажетті құралдармен қамтамасыз еттік. Спортшылардың сайыстарға қатысуына жағдай жасалды. Гір тасын алақанда ойнататын Абдулхасан Сейтеновтің шәкірттері, «наркескендіктер» намысты қолдан бермей, еліміздің, аймақтың, ауданның абыройын асқақтатуда, – дейді аудандық спорт және туризм бөлімінің басшысы Еркебұлан Жамалатов.

Иә, «Наркескен» спорт клубындағы гір спортының үлкен жетістіктерге жетуінде үйірме жаттықтырушысы Абдулхасан Сейтеновтың еңбегі зор. Ол күні-түні шәкірттерін шыңдауда қажырлы еңбек етіп, бүгінде жемісін көріп отыр. Олай дейтініміз, шәкірттері қазіргі таңда тек аудан, облыс көлемінде ғана емес, көк байрағымызды желбіретіп, әлемді бағындыруда. Міне, осының бәрі – білікті бапкер жұмысының жемісі. Қайсар да бұл жеңісте бапкерінің үлесі зор екенін айтады.

– 8 сыныпта оқитын кезім, бапкерім Абдулхасан Сейтеновпен аудан орталығындағы алаңда өтіп жатқан спорттық сайыста таныстым. Содан бері гір спортымен айналысып келемін. Алтасына 3 рет спорт залға келіп дайындаламын. Тыңғылықты үздіксіз дайындықтың арқасында бапкеріммен бірге үлкен жетістіктерге жетіп жатырмын. Қазақстанды әлемге танытып, көк байрағымды әлемдік додаларда желбірету үшін қолымнан келгенше еңбек етемін. Қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша оқып жатырмын. Осыған дейін ҚР чемпионатында да нәтижелі өнер көрсеттім. Оған 500-ге жуық спортшы қатысқан еді. Соның ішінде Қостанай мен Шардараның спортшыларын өзіме мықты қарсылас болды деп айта аламын. Себебі алдыңғы жылғы жарыстарда да бір алаңда бақ сынап, бәсекелес болғанбыз. Сол кезде де Қостанайдан келген спортшыдан озып, екіншіше қарай Шардараның спортшысынан жеңіліп қалдым. Кейінгі сайыстарда қарсыластарымының барлығынан оза шауып, үлкен додаларға жолда алып жатырмын, – дейді Қайсар Төлегенұлы.

Елімізде қол күрес дамыған аймақтың бірі Шардара болса, гір спорты дамыған өңір Жалағаш болуы үшін қызмет ететінін жеткізген Қайсар болашақта бапкерінің ізін басуды көздейді.

Айта кетейік, Қайсар Төлеген – Дәуімбай елді мекенінде орналасқан З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің түлегі. Ол бүгінде облыс орталығындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дене шынықтыру» факультетінде облыс әкімінің грантымен білім алып жатыр. Бұған дейін салада жеткен жетістігін тарқатып айтсақ, Қайсардың атына заты сай азамат екеніне көз жеткізесіз. Жалағаштық спортшы осыған дейін Қазалы қаласында өткен «Алтын күз» ауыл спартакиадасында да 73 келі салмақта қарсылас шақ келтірмеді.

Аталған үйірменің ауыз толтырып айтатындай мақтан тұтар басқа шәкірттері де жетерлік. Себебі онда өз ісінің білікті маманы, нағыз шебер жаттықтырушы Абдулхасан Сейтенов чемпиондарды шыңдап шығарып, аудан спортының дамуына өзіндік үлесін қосып жүр.

– Үйірмеге аудан, ауыл білім ошақтарынан аптасына 4 күн 60-тан аса оқушы келеді. Спортшыдан керегі бір пайыз талант, тоқсан тоғыз пайызы еңбек ғой. Жігіттер сондай еңбекқорлығының арқасында спортта талай сыналды. Олар спорт шеберіне үміткер атағын алу үшін де біраз тер текті. Мәселен, Қайсар Төлеген осындай тынымсыз жаттығудың арқасында спорт шебері атанды, – дейді «Наркескен» спорт клубындағы гір спорты үйірмесінің бапкері Абдулхасан Сейтенов.

Айта кетейік, үйірме қатысушылары ауыл спортшылары бас қосатын «Алтын күз» спартакиадасынан соңғы 3 жылда командалық есеп бойынша алғашқы үштіктен түспеген. Кешегі кіл мықтылар бас қосқан Азия чемпионатында бапкерінің үмітін ақтаған спортшы алдағы уақытта ел абыройын Әлем чемпионатында қорғап, мемлекет мерейін үстем етуді көздеп отыр. Оның әлі талай биікті бағындыратынына бапкері де сенеді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сенбісін, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС серіптерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісө 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2840 Тапсырыс № 866 Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ
--	---	--	--	---